



ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

## НҰР-СҰЛТАН: ДАМУ ДӘСТҮРІ

3-БЕТТЕ



КАРАНТИН

## ІНДЕТ ӘЛІ КЕТКЕН ЖОҚ

4-БЕТТЕ



ҚҰҚЫҚ

## ЖАСӨСПІРІМ ЖҮГЕНСІЗ КЕТПЕСІН

7-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№69 (4038)

Сенбі


13 маусым 2020 жыл

## AQSHAMY



Сенаттың 17 жаңа депутаты сайланады.

Кеше ҚР Президентінің Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы қаулысы жарияланды. Қаулы бойынша сайлау 2020 жылғы 12 тамызда өтеді. Биылғы қазан айында 2014 жылы сайланған Сенаттың 17 депутатының өкілеттік мерзімі аяқталады. Солардың орнына жаңа депутаттар сайланады. Сенат депутаттарын жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы таңдаушылар - мәслихат депутаттары сайлайды.



Биыл Нұр-Сұлтан қаласында энергия үнемдейтін 10 мың дана шам орнатылады.

Бұл шамдар (натрийлі), біріншіден, электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік берсе, екіншіден, қарапайым шамдарға қарағанда әлдеқайда жарық болады. Автокөлік жүргізушілері үшін де, жаяу жүргіншілер үшін де ыңғайлы болмақ. Қазір елордада 47 мың жарық нүктелері болса, биыл соның 10 мыңын ауыстыру жоспарланып отыр.

# САБАҚТАСТЫҚ САЛТАНАТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттігінің бір жылы тарихи сын-қатерлерге, тосын оқиғаларға толы болды. Алайда Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси сабақтастық бағытын ұстанған екінші Президент өз жүрісінен жаңылған жоқ. Бұл – еліміздегі билік транзитінің сәтті жүзеге асырылғанының дәлелі.

Осы кезеңде тәуелсіз Қазақстан әртүрлі сынақтар мен қауіп-қатерлерден сүрінбей өтіп, өркениеттің көшіне ілесті. Екінші Президенттің бірінші жылы тәуелсіздік туындатқан дәстүр сабақтастығы салтанат құрғанын аңғартты.

## COVID-19 ҚАЗАҚСТАНДА

РАСТАЛҒАН  
ЖАҒДАЙ: **13872**

ЖАЗЫЛЫП  
ШЫҚҚАНДАР: **8668**

ҚАЙТЫС  
БОЛҒАНДАР: **68**

«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТИНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ  
ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 454.64 \$ USD/KZT 399.47 ₸ RUB/KZT 5.8 ¥ CNY/KZT 56.53

www.astana-akshamy.kz



41870223050016



# САБАҚТАСТЫҚ САЛТАНАТЫ

» Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы екінші Президент – Қасым-Жомарт Тоқаевтың инаугурациясының өткеніне тура бір жыл толды. «ASTANA AQSHAMY» газеті Мемлекет басшысының бір жыл ішінде қандай реформалар жүргізіп, өзін дағдарыс-менеджері ретінде көрсете білгеніне және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын қалай жүзеге асырғанына, қоғамда қандай өзгерістер болғанына шолу жасады. Шегініс жасайтын болсақ, тура бір жыл бұрын, 2019 жылдың 12 маусымында Қасым-Жомарт Тоқаев ресми түрде Қазақстан Президенті қызметіне кірісті. Екінші Президенттің ел басқарудағы бір жылы ол қолға алған саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалармен, Арыстағы апат, Қордай оқиғасы, Мақтааралдағы су тасқыны, COVID-19 індетімен күрес сияқты оқиғалармен есте қалды.

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

ДАҒДАРЫС  
МЕНЕДЖЕРІ

Президент бір жылдың ішінде еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне қатысты көптеген оң шешімдер қабылдады. Мәселен, шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерін үш жылға дейін табыс салығын төлеуден босатты. Қазақстандағы 1,2 млн ШОБ субъектілері 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін салық төлемейді. Алдын ала жасалған есеп бойынша, үш жылда кәсіпкерлер 380 млрд теңгеден аса қаражатты үнемдейді екен. ШОБ субъектілерін тексеруге мораторий жарияланды.

Мемлекет басшысы бизнесті қолдауға әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Индетпен күрес барысында отандық бизнесті қолдауға ерекше көңіл бөлді. Шағын және орта бизнестің несиеленуіне қолдау берілді. Кәсіпкерлер 0,5 жылға дейін еңбекақы қорына төленетін салықтан босатылды. Үкімет 700 мыңнан аса бизнес субъектілеріне салық ауыртпалығын азайтып, нәтижесінде дағдарыста 1 трлн теңге үнемделді.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА  
– БАСЫМДЫҚ

Президент ұлықтау рәсімінде де, халыққа жолдауында да сөйлеген сөздерінде әлеуметтік саясатқа ерекше мән берді. Сол мәлімдемелерінің кейінірек толық жүзеге асырылғанына халық куә болды. Мәселен, еліміздегі әлеуметтік көмекті тағайындау тетіктері жетілдірілді. Биыл 1 қаңтардан бастап 400 мыңнан аса отбасылар табысына қарамастан әлеуметтік жәрдемақы ала бастады. Мемлекет әлеуметтік ахуалы төмен отбасыларға толық көмек көрсетуге әлеуметтік топтаманы жүзеге асырды.

Индет кезінде жұмысынан айрылған, ахуалы төмендеген 4,5 млн-нан астам қазақстандықтарға 42 500 теңге жәрдемақша төленді. Мұқтаж жандарға 15 000 теңге көлемінде коммуналдық шығындарға көмек көрсетілді. Ұзын-саны 1 млн-нан аса азаматтарға азық-түлік жиынтықтары таратылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Birgemiz» қоры арқылы 475 мың отбасына 50 мың теңгеден атуалы көмек берілді.

Қ.Тоқаев Үкімет пен Ұлттық банкке әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған ха-

лықтың кепілсіз тұтыну несиелері бойынша қарыздарын өтеп беруді тапсырды. Қарыз бойынша жалпы берешегі 3 миллион теңгеден аспайтын 1,2 млн адамның (көпбалалы, асыраушысынан айрылған және мүгедек бала асырайтын отбасылар, жетім балалар және т.б.) 300 мың теңгелік несиелері кешірілді. Колледждер мен жоғары оқу орындарындағы 230 мың студенттің шәкіртақысы 25 пайызға өсті.

Президент денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы реформаларға ерекше назар аударды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші жиынында осынау түйткілді мәселелер ашық талқыланды. Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мұғалімдердің, мәдениет қызметкерлерінің, әлеуметтік сала және дәрігерлердің жалақысы өсті. Мысалы, Президенттің тапсырмасымен жыл басынан бері 500 мың мұғалімнің еңбекақысы 25 пайызға ұлғайды. Сондай-ақ 34 мың мәдениет қызметкерлерінің жалақысы – 30 пайызға, 215 мың дәрігердің жалақысы – 30 пайызға, 25 мың әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға көбейді.

БИЛІК ПЕН  
БҰҚАРА ДИАЛОГЫ

Президенттік қызметіне кіріскен күннен бастап Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі саяси жүйені либералдандыру бағытын жариялады. Билік пен бұқараның диалогын орнату үшін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынды.

Қ.Тоқаев билік пен бұқараның диалогын орнатуды, ұлттық диалог жүргізуді мақсат тұтты. Сөйтіп, ұлттық диалогтың жаңа моделі – Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрып, өзі басшылық етті. Бүгінге дейін үш отырысын өткізген кеңес халықтың да, биліктің де сенімін ақтады. Мемлекет басшысы өзінің саяси реформаларға қатысты бастамаларының бәрін осы алаңда жария етті. Олардың қатарына бейбіт шерулерді ұйымдастыруды хабарламалық тәртіпке көшіру, партияларды тіркеу талабын 40-тан 20 мың адамға азайту, парламенттік оппозиция институтын енгізу, Қылмыстық кодекстің 130-шы жала жабу туралы бабына декриминализация жасау, партиялық тізімге әйелдер мен жастарға 30 пайызға дейін квота енгізу сияқты баянды бастамаларын жатқызамыз. Бұл бас-

тамалар заң жүзінде жүзеге асырылды.

АРЫС АПАТЫ

Арыстағы апат Президент Қ.Тоқаевқа алғашқы үлкен сынақ болды. Үш адам қайтыс болып, ондаған адам ауруханаға түсті. 20-дан аса үй толық жанып, қаладағы үйлердің 85 пайызы зақымдалды. Сын сағатта Президент Арысқа жетіп, апаттан үрейі ұшқан елмен жүздесіп, қайғысымен бөлісті. Мемлекет Арысты қайта қалпына келтіруге 56,1 млрд теңге жұмсап, 7634 үй жөнделіп, 500 ғимарат жаңадан салынды.

Биыл мамыр айында Шымкентте Арыс апаты бойынша сот процесі басталды. Қызметіне немқұрайдылық танытып, сыбайласының қылмысқа барған 16 адам (көбісі әскерилер) айыпталушылар орындығына отырды. Қ.Тоқаев Түркістанға ұшып баруы арқылы саяси тактикасын байқатып, кез келген мәселені жедел шеше алатындығын көрсетті.

МАҚТААРАЛДАҒЫ  
СУ ТАСҚЫНЫ

Сардоба су қоймасындағы бөгеттің жарылуы нәтижесінде Түркістан облысындағы 10 ауылды су басты. 30 мыңнан аса адам қауіпсіз жерге көшірілді. Бір ғана өсімдік шаруашылығына келтірілген зиянның көлемі 404 млн теңгені құрады. Мемлекет басшысы су апатынан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетуге тапсырма берді. Өзбекстан тарапымен келіссөз жүргізіп, мәселенің оң шешілуіне ықпал етті. «Өзбекстан аумағындағы

Сардоба су қоймасындағы бөгеттің бұзылуы салдарынан Түркістан облысының 10 ауылын су басты. 22 мыңнан аса тұрғындар эвакуацияланды. Оларға көмек көрсетіліп жатыр. Өзбекстан Үкіметімен келіссөздер жүргізілуде» деп жазды Қ.Тоқаев твиттердегі парақшасында. Президент су тасқынына қатысты ахуалға тікелей өзі бақылау жасады. Нәтижесінде, Мырзакентте жаңадан 500 үй тұрғызылатын болды.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Индеген індет елімізге және Президентке үлкен, маңызды сынақ болғаны рас. Қазақстан екі айға жуық карантинде өмір сүріп, қаншама адам жалақысынан айрылды. Индет белең алғанда Қ.Тоқаев 16-наурыз - 11 мамыр аралығында төтенше жағдай енгізді. Оның шеңберінде Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында, барлық өңірлерде қатаң карантин тәртібі орнады. «Қазақстан басқа елдерден бұрынырақ арнайы сарапшылар штабы мен Үкімет деңгейінде ведомстваралық комиссия құрды. Индеттің таралуына қарсы күрес жоспарын бекітті. Өйткені ДДСУ жариялаған COVID-19 пандемиясының өршуі күллі әлемді алаңдатып отыр» деп түсіндірді өзінің шешімін Президент.

Төтенше жағдай кезеңінде Қ.Тоқаев төрт рет қазақстандықтарға үндеу жолдады. Мысалы, елордада екі аптада 200 орындық озық үлгідегі модульді жұқпалы аурулар ауруханасы салынды. Алматы мен Шымкентте де қысқа мерзімде осындай кешендер бой көтерді. Бұл іс-шаралардың барлығы – Қ.Тоқаевтың білікті дағдарыс-менеджері екенінің дәлелі.

АНЫҚТЫҒЫ АЙҚЫН

Әлеуметтік саясатты әділ жүргізген Президент өзінің халықшылдығымен, ашықтығымен ерекшеленеді. Бұл сөзімізге Қ.Тоқаевтың лауазымды тұлғаларды қызметінен босатуы, еліміздегі әртүрлі оқиғаларға дер кезінде әлеуметтік желі (мысалы, twitter-дегі парақшасына 161 мың адам жазылған) арқылы үн қосып отыруы дәлел. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Кемелұлы ұлт бірлігі, ел тұтастығы мәселесінде үш тұғыр - рухани кемелденуді, патриоттық ұстанымды, ана тілімізді дамытуды басты назарда ұстап келеді. Алғашқы екі тұғырға «Абай және 21-ші ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында толығырақ тоқталып, өзінің парасаты пайымын ортаға салды. «Әсіресе мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі – халықтың төлқұрағы. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады» деп мәлімдеді Президент «Егемен Қазақстан» газетіне бірген сұхбатында.

# НҰР-СҰЛТАН: ДАМУ ДӘСТҮРІ

» Бас қаланың туған күні жақындап келеді. Бұл межеге жыл сайын жарқын жетістіктермен, елеулі өзгерістермен аяқ басамыз. Соңғы бір жылда елордамыздың саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде айтулы оқиғалар орын алды. Соның ішінде, әртүрлі салаларда жағымды жаңалықтар бар. Соңғы кездері күллі дүние жүзін дүрліктірген індет те қаланың дамуы мен қалыпты тіршілігіне үлкен сынақ болды. Бұл мақаламызда өткен 12 айдағы негізгі жетістіктерге, түйіні тарқатылған түйткілді мәселелерге шолу жасауды жөн көрдік.



## Төлен ТІЛЕУБАЙ БАСТЫ МӘСЕЛЕ – БАСПАНА

Қала билігінің басын қатырған басты мәселе – «сақалды» құрылыстар десек қателеспейміз. Соңғы бір жыл ішінде бұл мәселенің оң шешілгенін көрдік. Мысалы, «сақалды» құрылыстарға қатысты қала әкімдігі «Жол картасын» жасап, әрбір нысанға қатысты нақты іс-шараларды жүзеге асырды. Соның нәтижесінде, 2019 жылы 10 тұрғын үй кешені пайдалануға беріліп, үлескерлердің саны 2,5 мың адамға қысқарды. Ал биыл құрылысы тоқтап қалған 20 нысан пайдалануға беріліп, 8 мыңға жуық үлескерлер қоныстойын тойламақшы. Сөйтіп, алдағы үш жылда (2021 жылы – 9, 2022 жылы – 9, 2023 жылы – 4) қалған 22 үйдің құрылысы аяқталып, «сақалды» құрылыстар мәселесі түпкілікті оң шешімін табады.

Қала басшылығы Президенттің биыл қолжетімді баспана көлемін үш есеге дейін ұлғайту туралы тапсырмасын орындауға ерекше құлшыныспен кірісті. Қазір бас қалада барлық қаржы көздері есебінен 3,5 млн шаршы

метрден астам тұрғын үйлер салынуда. Биыл соның 2,5 млн шаршы метрі пайдалануға беріледі. Бұған қоса, мемлекеттік инвестициялар есебінен 500 мың шаршы метрден аса үй тұрғызылады. Яғни, 8 мыңға жуық адам жаңа пәтерлеріне қол жеткізеді деген сөз.

### ҰРПАҚ ҚАМЫ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

Нұр-Сұлтандағы үш мектепте былтыр үш ауысыммен оқу мәселесі оң шешілді. Әрқайсысы 5 мың орындық 6 мектеп салынды. Бірақ халық саны өскен сайын, мектептегі орын тапшылығы артуда. Бұл түйткілді проблеманы шешу үшін, биыл 10 мың орындық 13 мектептің құрылысы аяқталады. Одан бөлек, 20 мың орындық 10 мектеп салынады, ол нысандар 2021 жылы тапсырылады. Жалпы алғанда, 2023 жылға дейін кешенді жоспар шеңберінде 60 мың орындық 50 мектеп тұрғызу жоспарланған.

Бас қалада қазір 3-6 жас аралығындағы балалардың 98,5 пайызы балабақшалармен қамтамасыз етілген. 94 мемлекеттік, 237 жекеменшік балабақша бар. Кәсіпкерлер балабақша салу үшін, әр балаға ме-

лекет есебінен 28 мың теңге жәрдемақша беру арқылы Нұр-Сұлтан өзге өңірлерге үлгі болып отыр.

Балабақша мен мектеп салу әрдайым басымдыққа ие. Бұл орайда, қала басшылығы жалпы құны 79 млрд теңгені құрайтын 25 жобаны қолдады. Инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде 4 мың балабақша, 25 мың оқушыға арналған 25 мектеп бой көтереді.

### СЫН САФАТТА СЫР БЕРГЕН ЖОҚ

Өткен қыс қалалық коммуналдық қызметтерге үлкен сынақ болды. Таң қаларлығы, қалыпты нормадан 2 есеге көп қар жауды. Күні мен түні қар тазалаудан шаршамаған құзырлы мекеме жұмысшылары қала аумағынан 6,5 млн текше метр қар шығарды. Егер салыстырсақ, 2019 жылы қыста барлығы 2,5 млн текше метр қар шығарылған. Мұны неге таптіштеп айтып отырмыз? Іс оңға басу үшін әкімдік әуелі жұмысшылардың жалақысын көтеріп, сыйақы берді. Коммуналдық техника паркін жаңартып, 150-ден аса арнайы техника сатып алды.

Қыстыгүні қар уақытында шығарылғандықтан, көктемде су тасқыны қаупі сезілмеді. Мәселен, жыл сай-

ын 40-қа жуық учаскеде су басу қаупі болатын. Алғаш рет қаладағы 46 мыңнан аса арық-астау желілері, су ағатын тұрбалар тазаланды. Бұған қоса, Есіл өзені аңғарында жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, елордада биыл маса, шыбын-шіркей және өзге насекомдарға қарсы ауқымды дезинсекциялық

### ІНДЕТПЕН КҮРЕСТЕ ІЛГЕРІ ЖҮРДІК

Індеген індеттің таралуы шаһарға үлкен сынақ болғаны рас. Нұр-Сұлтан бұл бағытта да көштің алдында болып, өзге өңірлерге үлгі көрсетті. Қазір санитарлық-эпидемиологиялық ахуал бірқалыпты, үнемі бақылауда. Күн сайын 3 мыңнан

### ХАЛЫҚҚА ҚҰЛАҚ АСАТЫН ӘКІМДІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елордада «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы белсенді түрде жүзеге асырылуда. Мәселен, өткен жылы әкімдік басшылығы 11 мыңнан аса адамды

## НҰР-СҰЛТАННЫҢ ӨТКЕН 12 АЙДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

## БАСПАНА



ҚАЗІР ҚАЛАДА

**3,5 млн ш.м**

БАСПАНА САЛЫНУДА

СОНЫҢ ІШІНДЕ

**2 млн ш.м**


БЫЛ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Мемлекеттік инвестициялардың есебінен 500 мың шаршы метрден аса баспананы пайдалануға беру жоспарланған. Бұл – шамамен 8 мың пәтер

2019 жылы 2900 қолжетімді пәтер және жұмыс істейтін жастарға арналған 1050 пәтер салынды

## НҰР-СҰЛТАННЫҢ ӨТКЕН 12 АЙДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

## НӨСЕР КАНАЛИЗАЦИЯСЫ



ЕЛОРДАДА

**6 НЫСАННЫҢ**

ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛІП,

**2 ТАЗАЛАУ ҚОНДЫРҒЫСЫ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ**

Бұл орталықтандырылған су жиынтығының аумағын 30 пайызға ұлғайтып, су басу қаупі бар орындардың мәселесін шешеді

Қуаты жылына 70 млн. текше метр КТҚ-2 жобалау мен салу бойынша жұмыстар жүргізілуде



Момышұлы даңғылында нөсер канализациясының магистральдық коллекторының құрылысы жүргізілуде. Учаскенің ұзындығы – 500 метр.

«Жастар» шағын ауданында қуаты тәулігіне 42 мың текше метрден асатын тазалау қондырғылары тұрғызылуда. Құрылыс жұмыстарын 2021 жылы аяқтау жоспарланған.

жұмыстар жүргізілді. Масаларды ұлайтын аумақ 20 пайызға, өңделетін су қоймалары аумағы 25 пайызға ұлғайды. Яғни, биыл жазда маса мен шыбын-шіркей астаналықтар мен қонақтардың мазасын алмайды деген сөз.

### ЖЕЛІЛЕРДІҢ ИЕСІ БАР

Қала билігі оң шешкен тағы бір мәселе – қараусыз қалған желілер. Мәселен, соңғы 3 жылда 125 шақырым электр қуаты желілері, 7 шақырым су ағатын тұрбалар, 14 шақырым канализациялық құбырлар, 955 құдық, 200-ге жуық трансформаторлар ешбір қожайынсыз, бақылаусыз қалған. Елорда әкімі Алтай Көлгіновтің тапсырмасымен қараусыз қалған осы желілердің барлығы (30 пайызы әкімдік құзырына беріліп, қалғаны сот арқылы анықталатын болды) тиісті қалалық мекемелердің құзырына берілді.

аса адам тест тапсырады. Карантин басталғанда қалада 1 зертхана ғана болса, алдағы уақытта олардың саны 8-ге көбейеді. Бас қалада екі аптаның ішінде 200 орындық модульді жұқпалы аурулар ауруханасы бой көтерді. Жүкті әйелдер мен ауруханаға жатқызылатын науқастар әуелі №6 емхана базасындағы орталықтан індетке тексеріледі. Ал пневмония мен ЖЖВИ белгілері бар науқастар Орталық теміржол ауруханасы мен №2 емханада қабылданады. Әкімнің тапсырмасымен індетпен күресуде алдыңғы шепте жүрген 2 мыңнан аса нұр-сұлтандық дәрігерлер үстемасы алды. Қазір олар қонақүйлерде тұрады, көлікпен тасымалдау және тамақтандыру қамтамасыз етілген. Жуырда COVID-19 диагностикасы бойынша тест тапсыруға арналған мобильді орталық іске қосылды. Тізбектей беретін болсақ, мұндай жетістіктер жетіп жатыр.

әкімнің өзі 1060 адамды қабылдаған. Биыл карантинге дейін 420 адаммен кездессе, карантин кезінде онлайн-форматпен 111 қала тұрғынын қабылдаған. Президент тұжырымдамасын іске асыруда өте тиімді, өте үлгілі жобаның бірі – «Жанұя» отбасын қолдау орталығы болып отыр. Бұл жерде «бір терезе» қағидатымен отбасыларға психологиялық, заңдық, әлеуметтік көмек көрсетіледі. Бүгінге дейін «Жанұя» орталығына 15 мыңнан аса адам көмекке жүгініпті. Қала әкімдігінің iKomek 109 бірыңғай байланыс орталығы да халықпен тікелей ашық қарым-қатынас жасауға керемет мүмкіндіктер беруде. Мысалы, карантин кезеңінде iKomek 109 орталығы 300 мыңға жуық арыз-шағымдарға жауап берген. 2020 жылдың басынан бері 1 млн-нан аса тұрғындардың сауалдарына жауап қайтарылған.



## ПНЕВМОНИЯ ПАНДЕМИЯҒА ҰЛАСУДА

» Елордада корона-вирус жұқтырған 2620 науқас тіркелді. 1829 адам жазылып шықты. 14 адам қайтыс болды. Қайтыс болғандарға қатысты талдау нәтижесінде олардың көбінде қант диабеті, гипертония, жүрек ырғағының бұзылуы, жүректің ишемиялық ауруы, қатерлі ісік және зат алмасуының бұзылуы сияқты жанама аурулар болғандығы анықталды.

Сонымен қатар олардың дәрігерлерге кеш қаралуы және өзін-өзі емдеуіне байланысты стационарға түскеннен кейінгі емдеу терапиясының тиімділігі болмаған. Бүгінде елордадағы инфекциялық стационарларда 746 науқас ем алып жатыр. Оның ішінде 48 адам ауыр, 18 адам өте ауыр жағдайда.

– Соңғы күндері қайтыс болған 4 адамға қатысты талдау нәтижелерін айта кету керек. Бірінші жағдайда 48 жастағы ер адам 2 апта бойына өз бетінше емделген. Екінші жағдайда 68 жастағы ер адам жедел жәрдеммен стационарға жеткізілген. Үшінші жағдайда 70 жастағы науқас Батыс Қазақстан облысынан келген болып шықты. Ол бұрын жергілікті емханада кардиологқа қаралып жүрген. Соңғысы – 59 жастағы науқас та елордаға келген Алматы қаласының тұрғыны. Ол дәрігерлерге өзі қаралған. Барлық жағдайда науқастар жан сақтау бөліміне түскен, – деп мәлімдеді С. Қысықова.

Коронавирус жұқтырғандардың 61 пайызы – пневмонияға шалдыққандар. Жалпы пневмонияның асқынуының үш деңгейі бар. Соның шегіне жеткенде ол коронавирусқа ұласуы мүмкін. Сондықтан сала өкілдері халықтың бұл дерт артта қалды немесе бәрі ойлап табылған жалған ауру деп қабылдауы өте жаңсақ көзқарас екенін тағы еске салды.

## ҚАТАҢ ТӘРТІП САҚТАСАҚ, КАРАНТИН РЕЖИМІНЕН ЕРТЕРЕК ӨТЕМІЗ

» Төтенше жағдай режимі тоқтатылғанымен, қауіпті індеттің беті қайтқан жоқ. Сақтық шараларын сақтамасақ, вирус өршіп кетуі ықтимал. Қазіргі кезде ауруды жұқтырудың жаңа ошақтары пайда болып жатыр. Осыған байланысты Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елорда тұрғындары мен қонақтарына үндеу жолдап, карантин жағдайында қатаң тәртіп сақтауға шақырды.

– Біз тарихымызда алғаш рет 3 айдан астам уақыттан бері карантин режимінде өмір сүріп келеміз. Төтенше жағдай кезеңін бастан кешірдік. Қатаң тәртіптің арқасында, өзін-өзі оқшаулаудың нәтижесінде біз қауіпті кезеңнен өттік. Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорындар жұмысын жандандырды. Азаматтар жұмысына қайта оралды. Қоғамдық көліктер қайта жүруді бастады. Саябақтар мен қоғамдық орындар есігін қайта ашты. Әрине, осыған байланысты көшеде азаматтардың саны көбейіп, қауіп арта түсуде.

Бірнеше мәселеге көңіл аударуды сұраймын. Бірінші, қазір байқағанымыздай, ауру жұқтыру ошақтары отбасыларында пайда болуда. Мысалы, балалары, ата-анасы, ата-әжесі де вирусты жұқтырды. Қорытындысында бүкіл отбасы мүшелерін ауруханаға жатқызуға тура келді.

Екінші, көңіл қоюды талап ететін мәселе – ұжымдарда ауру ошақтары пайда бола бастады. Соңғы аптадағы вирус анықталған аза-

маттардың тең жартысынан көбі – ұжымдардағы азаматтар. Бұл – отбасында да, жұмыс орнында да санитарлық нормалардың, карантин талаптарының дұрыс сақталмауының салдары деп айтып отыру тиісті мамандар.

Сондықтан үш мәселеге көңіл аударуды сұраймын. Біріншіден, қоғамдық орындарда, азаматтар көп шоғырланатын жерде міндетті түрде медициналық масканы тағу қажет. Екіншіден, қарапайым гигиеналық нормаларды сақтауды ұмытпауымыз керек. Әсіресе, балаларға түсіндіріп, отбасымыз бен жұмысымызда да осы тәртіпті бұзбауымыз керек. Үшіншіден, азаматтар көп шоғырланатын жерге барудың қажеті жоқ және де ара қашықтықты сақтауға міндеттіміз. Тек сонда ғана біз вирустан құтыламыз.

Тәжірибе көрсеткендей, вирус жасқа қарамайды. Дені сау азаматтар да вирусты жұқтырып, өз-өзін емдеймін деп денсаулығын қиындата түсуде. Жас, тепсе темір үзетін азаматтар ауруханаға түсуде. Ауыр халде жатқан азаматтарымыз да

бар. Егер 600-ден астам азамат ауруханада карантинде болса, соның тең жартысынан көбінде өкпенің қабынуы диагнозы анықталған. Бұл – нағыз қауіпті топқа жататын азаматтар. Соның ішінде 34 азаматтың денсаулығы ауыр халде деп бағалануда. Олардың 12-сі ИВЛ аппаратына қосылған.

Төтенше жағдай жарияланып, карантин басталғалы бері біз көптеген мекемелерді жабуға мәжбүр болдық. Азаматтарымыз уақытша жұмыссыз қалды. Соған қарамай, мемлекетіміз қыруар ақша жұмсады. Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетілді. Орта және шағын бизнеске үлкен қолдау көрсетілді. Енді қазір жұмысты жандандырғаннан кейін кәсіпорын басшылары соны ұмытпау керек. Барлығымыз айтылған талаптарды орындауға тиістіміз.

Біз күнделікті қарап, бақылап жүрміз. Бірақ, азаматтық, әлеуметтік жауапкершілік болу керек. Ендігі ортақ міндетіміз – вирустың таралуына жол бермеу. Қатаң тәртіпті сақтасақ, карантин режимінен ертерек өтеміз.



» Үш мәселеге көңіл аударуды сұраймын. Біріншіден, қоғамдық орындарда, азаматтар көп шоғырланатын жерде міндетті түрде медициналық масканы тағу қажет. Екіншіден, қарапайым гигиеналық нормаларды сақтауды ұмытпауымыз керек. Әсіресе, балаларға түсіндіріп, отбасымыз бен жұмысымызда да осы тәртіпті бұзбауымыз керек. Үшіншіден, азаматтар көп шоғырланатын жерге барудың қажеті жоқ және де ара қашықтықты сақтауға міндеттіміз. Тек сонда ғана біз вирустан құтыламыз

## ІНДЕТ ӘЛІ КЕТКЕН ЖОҚ

» Қабылданған карантин мен шектеу шараларына қарамастан қалада коронавирус инфекциясын жұқтырушылар әлі де тіркелуде. Егер бұл жағдай одан әрі асқына беретін болса, елорда қайтадан қатаң карантиндік шараларға көшуі мүмкін.

Қаланың бас санитарлық дәрігері Жанна Пралиева кеше өткен брифинг барысында қаладағы ұйымдар басшылары мен тұрғындардың жұқпалы дертке қарсы санитарлық нормаларды сақтау деңгейіне сын

таға отырып, осындай ескерту жасады. – Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары, кәсіпкерлер және ұйымдар басшылары, айналаңыздағы адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін жайларға

салғырт қарауыңыздың кесірінен қарапайым қауіпсіздік талаптары орындалмай жатыр. Еліміздің бас санитарының қаулысымен кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысын қалпына келтіруге мүмкіндік берілді. Алайда әлі

де болса ауру жұқтырушылар саны артып отыр. Бұлай жалғаса берсе, халықтың саулығы мен амандығы үшін карантинді қатаңдатуға мәжбүр боламыз, – деді бас санитар дәрігер.

# АЛҒАШҚЫ КӨМЕК – ОРНЫ БӨЛЕК

» Елордада карантин кезінде жалпы медициналық қызмет көрсету көлемі азайып кеткен. Сол себепті салаға бөлінген бюджет қаражатын толық игере алмау қаупі бар. Мәселен, пандемия кесірінен тиісінше иммундау профилактикасы, скринингтер, профилактикалық тексеру жұмыстары жүргізілмей қалған. Бас қаланың бастапқы медициналық-санитарлық және жедел медициналық көмек көрсету саласындағы бүгінгі ахуалы туралы қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясында Нұр-Сұлтан қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәуле Қисықова мәлім етті.



– Биыл 4 айда консультативтік-диагностикалық қызмет көрсетуде жоспарланған көлемнің 23,7%-ы орындалды. Кейбір медициналық ұйымдарда осы жұмыстар толық жүзеге асырылмаған. Мәселен, қымбат тұратын КТ, МРТ сияқты қызметтер – 24,5%, стоматологиялық қызмет – 11,1%, жүкті әйелдерді медико-генетикалық зерттеу саласындағы жұмыстар 21,4% көлемде атқарылған. Қызметтер көлемінің игерілмеуі карантиндік шаралардың енгізіліп, емханаларға халықтың келуі шектелуіне байланысты болды, – деді С.Қисықова.

Елордадағы денсаулық сақтау саласына ықпал ететін факторлардың бірі – мұндағы халықтың жылдам өсіп келе жатқандығы. Бүгінде қаладағы халық саны – 1177 640 адам. Осы

жылы алғашқы 4 айда елордаға 15 мың адам көшіп келіпті. Қалада осы халыққа амбулаторлық-емханалық көмек көрсететін 31 медициналық ұйым бар. Осы аралықта БМСК, яғни бастапқы медициналық санитарлық көмекке халық 1 млн 326 мың рет жүгінсе, оларға осы саладағы 1337 дәрігер мен 2288 ортаңқол медициналық маман қызмет көрсеткен. Медицина мамандарының толықтығы 77 пайызды құрайды.

Басқарма басшысының айтуынша, елорданың денсаулық сақтау саласын цифрландыру жұмыстары жоғары қарқында жүргізілуде. Мәселен, халық үшін дәрігерге қаралуға алдын ала жазылуға және дәрігердің барлық емдік тағайындаулары мен талдау нәтижелерін қарауға мүмкіндік беріп, скрининг пен флюорографияға түсу

туралы хабарлама алуға болатын мобильді қосымшаны орнату жұмыстары жалғасын тауып, ол жұмыстардың орындалуы қазір 49%-ды құрады. Ал электронды кезек жүйесін орнатуға қатысты пилотты жоба №2, 6, 9 емханаларда енгізіліп, дәрігерге қаралуға талон беретін электронды терминалдар қойылды. «Үй жанындағы дәрігер» жобасы да жаңадан түсіп, биыл сондай 10 нысан ашу көзделіп отыр.

Қалалық жедел медициналық көмек көрсету стансасында мыңнан астам адам жұмыс істейді. Оның 80%-ы – медицина қызметкерлері. Есепті кезеңде кадрлардың толықтығы бойынша оң өзгеріс байқалып, ол 84,5%-ды құрады. Станция үш класты санитарлық көлікпен қамтылған. Елорда әкімдігінің қолдауының арқасында былтыр 52 санитарлық көлік алынды. Медициналық жабдықтар толығымен жеткілікті.

Басқарма жұмысы 2020-2025 жылдарға арналған «Денсаулық» денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жалғаса береді. Сонымен қатар учаскелік қызметтер жас мамандарға арналған әлеуметтік кепілдемелерді жақсарту түсу есебінен кадрлық қамтамасыз етілмек. Елордада қазіргі таңда жетіспейтін анестезиолог-реаниматологтар, бейінді бала мамандары бойынша резиденттер дайындау үшін мақсатты гранттар бөлуге әкімдікпен бірлесе жұмыстар жүргізілмек. Сондай-ақ қалалық медицина мамандары БМСК құрылымында эпидемиологтар рөлін арттырып, коронавирус инфекциясының келесі толқынына дайындалуды жоспарлауда.

## АЛТЫНШЫ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2020 жылдың 16 маусымында сағат 10.00-де Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының алтыншы шақырылымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі:  
1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттығына кандидатты ұсыну туралы.

**М.ШАЙДАРОВ,**  
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІЛЕР МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласындағы мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарға мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіріп-шығуға қолжетімділігі тексеріледі.



Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Нұр-Сұлтан қалалық департаменті биыл әлеуметтік маңызы бар нысандарда 41 профилактикалық тексеру өткізуді жоспарлап отыр. Профилактика аясында мекемелерді тексеру жыл сайын өткізіледі. Мәселен, 2019 жылы 41 мемлекеттік нысанды аралау, 39 тексеру жүргізілді. Оның нәтижесінде көптеген заң бұзушылықтар анықталған. Атап айтқанда, көптеген нысан-

дарда көзі нашар көретін адамдарға арналған қолжетімді құралдар жоқ. Тік пандустар, биік табалдырықтар және тар есіктер мүгедектер арбасындағы адамдарға кедергі келтіретіні айғақталған. Сонымен қатар нысандарда есту қабілеті нашар адамдар үшін көрнекі ақпарат болмаған.

Биылғы тексеріс барысында бұрын ескертпе берілген нысандарды аралап көру де жоспарланып отыр.


## ҚОНАЕВ КӨШЕСІ ҮШ КҮНГЕ ЖАБЫЛАДЫ

» Жол желісін орташа жөндеуге байланысты елорданың Қонаев көшесі 13-15 маусым аралығында жартылай жабылады.



Атап айтқанда, Қонаев көшесінде Қабанбай батыр даңғылынан Мәңгілік Ел даңғылына дейінгі учаскеде жол құрылысы жүргізіледі. Осыған байланысты аталған учаскедегі көлік қозғалысын толығымен жабу жоспарланған. «Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында

кептеліс тудырмау үшін маршрутын алдын ала жоспарлауы керек. Қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жөндеу жұмыстарына түсіністікпен қарауды сұраймыз» деп хабарлады Нұр-Сұлтан қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы.



## ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

» Елордадағы «Erekshe balalar» оңалту орталығында әр балаға берілетін бір күндік қаржыландыру сомасы екі есеге артып, әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы өсті. Орталық бейнебақылау жүйесімен жабдықталған жаңа ғимаратқа қоныстанды.

«Erekshe balalar» оңалту орталығындағы әр балаға кететін бір күндік қаржыландыру сомасы 2019 жылы 2820 теңге болса, қазіргі таңда 4500

теңгеге артты. «Қазір орталықта қызмет көрсету сапасы артып, балалардың ас мәзіріне ерекшеліктер енді. Бейнебақылау камерасының

көмегімен ата-аналармен байланысты нығайттық, жұмысымыз жеңілдеді. Бұдан бұлай, ата-аналар баласының не істеп жатқанын қашықтан бақылай

алады» дейді орталық директоры Алия Ахметова.

Бүгінгі таңда орталыққа бейімді дене шынықтыру, емдік дене шынықтыру, тәрбиеші, бала күтуші, психолог пен логопед мамандары қажет. Атап айтқанда, 30 қызметкердің орны бос тұр.

Жалпы, орталықта БЦП диагнозы, аутизм, Даун синдромы бар 74 балаға көмек көрсетіледі, сонымен қатар 20 балаға қажетті құжаттар жинастырылып жатыр.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ,**  
студент



ASTANA TV

## 50 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

– Нұрбол Төлегенұлы, қазіргі қызметіңді осы жылдың ақпан айынан бері атқарып отырсыз. Қысқа мерзімде қандай жұмыстарды істеп үлгердіңіз?

– Биылғы қыс қатты болғанын білесіздер. Бірінші кезекте менің алдыма су тасқынына қарсы шараларды сәтпен өткізу міндеті қойылды. Ауданымызда жіті назарды қажет ететін су басатын негізгі 12 орын бар. Біз бұл бағытта жұмыс істеп, 100 мың текше метр жерасты суларын сордық. Арнайы комиссия құрып, ұзындығы 18 шақырым арықтарды тазаладық. Әрине, бұл жұмыста белгілі бір проблемалар болды. Бірақ жалпы алғанда, бұл кезеңнен сәтпен өттік.

16 наурыздан бастап 11 мамырға дейін Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай режимі енгізілді. Екі ай бойы блокбекеттерде кезекшілік ұйымдастырылды. Аудан тұрғындарына азық-түлік себеттері бойынша өтініштер қабылданды. Бұл бағытта 2 мыңнан аса отбасына көмек берілді.

Көктем келісімен абаттандыру және көгалдандыру жұмыста-

# БЕРЕКЕЛІ ІСТЕР БАСТАУЫ

» «Astana» телеарнасы мен «Elorda Aqparat» ЖШС-тің бірлескен жобасы – «Elorda Live» бағдарламасының кезекті қонағы Байқоңыр ауданының әкімі Нұрбол Нұрсағатов болды. Ол сұхбатында ауданда жүргізілген су тасқынына қарсы шаралардан бастап, әлеуметтік нысандар құрылысына дейінгі мәселелер туралы айтып берді.

рын бастадық. Осы уақыт ішінде 100 ағаш отырғыздық. Қазір шөп шабу, жасыл желек пен гүл отырғызу жұмыстарымен айналысып жатырмыз. Бұл жұмыс әлі де жалғасады.

Аулаларды абаттандыруға ерекше көңіл бөліп отырмыз. Биыл Байқоңыр ауданында 50 аула абаттандырылады. Отыз аула бойынша тиісті жұмыстар басталып, екі ауланы абаттандыруды аяқтадық. Адамдар жаңарған аулаларына қуанып отыр. Жалпы алғанда, ауданда 235 аула бар. Олардың 107-сі күрделі жөндеуді қажет етеді.

– Осы жұмыстарды қай уақытқа дейін аяқтауды жоспарлап отырсыздар?

– Бұл қаржыландыруға байланысты. Әрине, үш жылда аяқтаймыз ба деп отырмыз. Яғни, осы жұмыс жоспарлы түрде жүргізіледі. Егер биыл 50 ауланы абаттандырсақ, аудандағы аулалардың 70 пайызын ретке келтіреміз. Бұған қоса, 15 аулада жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары жасалады. Осы жылы аудандағы 10 қоғамдық кеңістік бойынша тиісті жұмыстар қолға алынады. Сәйкес жұмыс тұрғын алаптарда да жоспарланған. «Казгородокта» осы жұмысты аяқтасақ, «Кирпичныйда» бастадық, ал «Өндірісте» екі мекенжай – Ақбидай мен Тайбурыл көшелерінде қоғамдық кеңістіктер бойынша жұмыс басталды.



## ЖАС КӘСПКЕРЛЕРГЕ ЖӘРДЕМ

– Кәсіпкерлік – қазіргі негізгі бағыттардың бірі. Бүгінгі жағдайда шағын және орта бизнесті қалай қолдап отырсыздар?

– Шағын және орта бизнесті «Даму» қоры арқылы қолдау мақсатында төрт бағыт қарастырылған. Бұл – «Жұмыспен қамтудың жол

картасы-2020-2025», «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары және жергілікті «Астана бизнес-2» бағдарламасы. Алдындағы үш бағдарлама бойынша жылдық 6 пайызбен екінші деңгейлі банктер арқылы несиелеу жүргізіледі. «Астана бизнес-2» бағдарламасы 8 пайыздық несиелеуді қарастырады. Субсидия да беріледі. Ауданымызда

кәсіпкерлерге кеңес беретін бөлім ашылған. Отырар, 5 мекенжайына келіп немесе әлеуметтік желілер арқылы тиісті мәселе бойынша мәлімет алуға болады. Аудан әкімдігінің парақшасы «Фейсбук» және «Инстаграм» желілерінде бар.

– Жас кәсіпкерлерге немесе жастарға арналған арнайы бағдарламалар бар ма?

– Жас кәсіпкерлерге арналған арнайы бағдарлама бар. 29 жасқа дейінгі кәсіпкерлерге 5 миллион теңгеге дейін көлемде арнайы гранттар беріледі. Қаржыландыру тамыз айынан басталады. Оған дейін Б.Момышұлы көшесі, 2/11 мекенжайында Ұлттық кәсіпкерлер палатасында оқудан өту керек.

## МЕКТЕПТЕР КЕҢЕЙІП, ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР АРТАДЫ

– Жуық арада жаңа нысандар салына ма?

– Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, С.Сейфуллин – Ж.Омаров көшелері қиылысында жаңа мектеп бой көтерді. Қазір мектеп аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. №31 мектепке қосымша ғимарат салынады. Бұл нысан 1 қыркүйекке дейін пайдалануға беріледі. «Өндіріс» тұрғын алабында дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып жатыр. Спорт кешені құрылысы келесі жылы аяқталады. Сондай-ақ №23 және «Кирпичныйдағы» №12 мектептерге жапсаржай салу жобасы әзірленіп жатыр. Ауданымызда үш көпбөлді тұрғын үй кешенінің құрылысы да жүргізілуде. Биыл бұл үйлерді пайдалануға береміз.

Дайындаған  
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

# МАҚСАТ – ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІН АЗАЙТУ

» «Astana» телеарнасы мен «Elorda aqparat» бірлескен жобасы – «Elorda Live» бағдарламасында - Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бөлімінің бастығы Азамат Садықов елордадағы қылмыс деңгейі, қылмыстың алдын алу шаралары туралы айтты.

– Коронавирус пандемиясына байланысты елімізде шектеу шараларының нәтижесінде қылмыс саны анағұрлым азайған екен. ІІМ министрі Е.Тұрғымбаевтың мәліметінше, қылмыс саны 25 пайызға дейін төмендеген. Елордамыздағы статистика қандай деңгейде?

– Бес айдың қорытындысы бойынша айтатын болсақ, елорда аумағында жалпы қылмыс деңгейін 39 пайызға азайту көзделуде, ол тек қана енгізілген төтенше жағдайға байланысты емес, негізі жыл сайын қылмыс санын төмендетуді мақсат етеміз.

– Қылмыс азаюының басты себебі неде?

– Басты себебі – ішкі істер органдарының жасап жатқан іс-әрекетінде, халыққа түсіндіру жұмыстарының жүргізілуінде деп есептеймін.

– «Ақылды технология» дейміз, «ақылды қала» жүйесіне өтуде жаңа қондырғылар жұмыстарыңызды жеңілдеткен болар?

– Біздің елорда аумағында бейнекамералар көптеп қойылды, ол да дер кезінде қылмыстың алдын алуға және жолын кесуде үлкен сепін тигізуде.



Елордадағы қоғамдық тәртіп

– Қандай да бір көрсеткіштер бар ма?

– Мысалға айтатын болсақ, былтырғы жылы жалпы елорда аумағында 8 мыңнан астам қылмыс болатын болса, қазіргі уақытта бес мыңнан астам қылмыс тіркелуде. Нақты осы бақылау камералары арқасында нәтиже бар.

– Карантин кезінде тұрмыстық

зорлық-зомбылық саны жиілеп кетіпті. Бас қаламыздың өзінде қылмыстың бұл түрі 50 пайызға өскен. Жалпы отбасылық қысым көрсету фактілерін азайтуда қандай іс-шаралар қолға алынып жатыр?

– Қазіргі таңда отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстар тіркелуде. Ажырасу да кө-

бейген. Бәрі үйде отырғандықтан ұрыс-керістер көбейген шығар, бірақ, бұл соншалықты шарықтап кетті деген мағынада емес, тіркеліп жатқан қылмыс карантин емес жай күндері де тіркеледі, сондықтан оның алдын алу міндетіне ең біріншіден, учаскелік полиция инспекторы жауапты. Бұл тұрғыда тұрғындарға құқық бұзушылардан қорғау нұсқамасын шығару, сотқа алып бару, әкімшілік құқық бұзу туралы кодекстің 73-бабы бар, айталық, бес айдың қорытындысында 112 тұлғаға ерекше талаптар орнатылған.

– Елордада қандай қылмыс түрлері көбейген?

– Интернет дамуына байланысты алаяқтық көбейген, киберқылмыстар, ұрлық бар.

– Тұрғындар алдану қалмау үшін не істеу керек?

– Өздері білетін сайттарға ғана тапсырыс беріп, ақшаны алдын ала жібермеу керек.

– Блокбекеттер алынғаннан кейін тәртіп сақшыларының жұмыс алгоритмі өзгерді ме?

– ТЖ кезінде жеті блокбекетте екі ауысымда ауқымды жұмыс жүргізілді, қазір де полиция жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр, жеке кәсіпкерлердің карантин талаптарын орындауы, тұрғындардың бетпердемен жүруін тексереді.

– Осындай кезде үздік қызмет атқарған қызметкерлерге сыйақы тағайындалды ма?

– ПД бастығының бұйрығымен полиция қызметкерлері ынталандырылды, алғысхаттар тапсырылып, сыйақы берілді.

– Бізге сұрақ келді: «көршілеріміз тынымсыз, туннің ортасына дейін жөндеу жұмыстарын жүргізеді, мазаны алып таңға дейін ойын-сауық құрады, учаскелік полицияға шақырдық, бірақ нәтиже жоқ» дейді қала тұрғыны.

– Әкімшілік құқықбұзушылық кодекстің 437-бабына сәйкес, жеке тұлғаларға бес айлық есептік көрсеткіште айыппұл салынады, шағын кәсіпкерлікке – 20, орташа деңгейде 40-30 есептік көрсеткіште айыппұл салынады. Осындай жағдай кездесе тұрғындар 102-ге хабарлассын, себебі учаскелік инспектор күнделікті 24 сағат бойы жұмысында бола алмайды. Патрульдік полиция қызметкерлері келіп, айыппұл салу шарасын жүргізеді.

– Елордадағы құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шараларына тоқталсаңыз.

– 25 мамыр-25 шілде аралығында «Учаске» іс-шарасы өткізіліп жатыр. Учаскелік инспектор тұрғындар алдында жиын өткізеді, қылмыстың алдын алуға департаменттің жоспарлы іс-шарасы бекітілген.

Дайындаған  
Жадыра ШАМУРАТОВА

# ЖАСӨСПІРІМ ЖҮГЕНСІЗ КЕТПЕСІН...

» Карантин тәртібі сақталады дегенмен, жазғы демалыста есейген баланы, жасөспірімді үйде қамап отыру мүмкін емес. Серуендейді, достарымен сейіл құрады. Ата-ана тарапынан бақылау жеткіліксіз болса, кей баланың күмәнді топқа қосылып, тәртіпсіздік жасайтындары да кездеседі. Жазғы демалыста жасөспірімдер қылмысының алдын алуда ювеналды полицияның жоспар кешені бар. Мысалы, «медициналық-әлеуметтік есеп» қолайсыз отбасындағы кәмелетке толмағандарға медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті атқарушы органдарға есеп жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық, жыныстық қатынас фактілерінің алдын алу бойынша бірқатар шаралар қабылдануда.



2020 жылғы 4 айда республика бойынша кәмелетке толмағандардың қатысуымен 665 қылмыс жасалған, бұл өткен жылмен салыстырғанда едәуір азайғаны екен. Мысалы, кісі өлтіру – 50 пайызға, денсаулыққа ауыр зиян келтіру – 6,2 пайызға, денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіру – 53 пайызға, тонау – 31,7 пайызға, қарақшылық пен бұзақылық 31,1 пайызға дейін азайған.

ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ювеналды полиция және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау басқармасының бастығы Әсет Оспановтың мәлімдеуінше, 2020 жылдың басындағы жағдай бойынша бас бостандығынан айыру орындарында 42 жасөспірім бар. «Кәмелетке толмағандар қолымен жасалатын қылмыс саны салыстырмалы түрде алғанда азайып келеді. Мәселен, 2016 жылы – 3291, 2017 жылы – 3121, 2018 жылы – 2920, 2019 жылы – 265 және ағымдағы жылы 665 қылмыс жасалған, талдау көрсеткендей, қылмыстардың көпшілігі – 80 пайызы – пайдакүнемдік-зорлық сипат-

тағы қылмыстар. Бұл, негізінен, телефондарды, заттарды ұрлауға қатысты» дейді ол. Әсет Оспанов сондай-ақ Мәжіліс заң қоржынында бала құқығын қорғау тура-

**2020 жылғы 4 айда республика бойынша кәмелетке толмағандардың қатысуымен 665 қылмыс жасалған, бұл өткен жылмен салыстырғанда едәуір азайғаны екен. Мысалы, кісі өлтіру – 50 пайызға, денсаулыққа ауыр зиян келтіру – 6,2 пайызға, денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіру – 53 пайызға, тонау – 31,7 пайызға, қарақшылық пен бұзақылық 31,1 пайызға дейін азайған**

лы, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет туралы екі заң жобасы бар екенін хабарлады. Осы екі заң жобасы шеңберінде сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған нормативтік түзетулер пакеті көзделген.

Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті жазғы каникулдың басталуына байланысты ата-аналарға балаларды мұқият қадағалауды сұрайды.

Жазғы демалыста елордалық полицейлер кәмелетке толмағандарға ішімдік, темекі өнімдерін сату фактілерін анықтау, олардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында және тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде болу деректерін анықтау үшін рейдтер жүргізеді.

Сонымен бірге жазғы демалыс кезінде Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің қызметкерлері төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп астаналық су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін өткізуде. Кәмелетке толмағандар арасында суға шомылу кезеңінде жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында ювеналды полиция қызметкерлері тұрақты негізде алдын алу рейдтерін, ата-аналар мен балалар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Ювеналды полиция қызметкерлері құтқарушылармен бірге 2500 адамды қамтитын 20-дан астам рейд өткізді, оның ішінде 500-ге жуығы – кәмелетке толмағандар. Профилактикалық іс-шараларды күшейту үшін қызметкерлер демалушыларға судағы қауіпсіздік шараларын түсіндіріп, буклеттер таратады. Балалардың ерекше қауіп тобына жататыны мәлім. Судағы қайғылы оқиғаларды азайту үшін балалардың қатысуымен «су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері», «су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары», «су айдындарындағы әртүрлі жағдайдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс» тақырыбында 50-ден астам онлайн-сабақ ұйымдастырылып, өткізілді. Судағы қайғылы оқиғалардың негізгі себептері жабдықталмаған жерлерде шомылу, жеке тәртіпсіздік және өзін-өзі ұстау, ата-аналардың балаларды қадағаламауы, жүзе алмауы болып табылады. Елордалық полицейлер мен құтқарушылар жағалауда жүріп, балаларды қараусыз қалдырмаудың қарапайым ережелерін сақтау қажеттігін ескертеді.

» «Нотариат туралы» ҚР заңына 2015 және 2019 жылдары енгізілген өзгерістерге сәйкес нотариус борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету үшін берешекті белгілейтін құжатта атқарушылық жазба жасайды. Атқарушылық жазба берешекті белгілейтін құжаттың көшірмесіне оның төлнұсқасы ұсынылған жағдайда жасалуы мүмкін, оған тиісті белгі қойылады.

## НОТАРИУС ҚҰЖАТЫНЫҢ ҚАУҚАРЫ ҚАНДАЙ?



2020 жылдың қаңтар-сәуір айларында Нұр-Сұлтан қаласының Сарыарқа аудандық сотына келіп түскен жария шарттар негізінде нақты тұтынылған көрсетілетін қызметтер үшін берешекті өндіріп алу туралы арыздың 20 пайызы соттан тыс реттеу тәртібі сақталмағандықтан қайтарылды.

Нотариустың атқарушылық жазбасы ақшалай шығынды үнемдейді. Атқарушылық жазба жасауды өтінген адам атқарушылық жазба жасағаны үшін мемлекеттік баж және нотариустың техникалық және құқықтық сипаттағы қосымша қызметтер көрсеткені үшін төлемақы төлеуі тиіс:

жеке тұлғалар үшін – өндіріп алынатын соманың немесе талап етілетін өзге жылжымалы мүліктің нарықтық құнының 0,2 пайызы, бірақ 0,5 айлық есептік көрсеткіштен кем емес және 50 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

заңды тұлғалар үшін – өндіріп алынатын соманың немесе талап етілетін өзге жылжымалы мүліктің нарықтық құнының 1 пайызы, бірақ 1 айлық есептік көрсеткіштен кем емес және 100 айлық есептік көрсеткіштен артық емес.

Атқарушылық жазбаның күші барлық жағдайда жойылмайды. Атқарушылық жазба жасағаннан кейін немесе тиісті қаулы шығарғаннан кейін нотариус келесі жұмыс күнінен кешіктірмей борышкерге олардың көшірмесін табыс етеді немесе

жеткізілгені тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, борышкердің электрондық пошта мекенжайы бойынша немесе белгілі тұрғылықты (тұрған) немесе тіркелген жері бойынша жібереді.

2020 жылдың қаңтар-сәуір айларында Нұр-Сұлтан қаласының Сарыарқа аудандық сотына атқарушылық жазбаға дау айту бойынша келіп түскен істерге талдау жасалды. Талдау нәтижесіне сәйкес осы категория бойынша келіп түскен даулардың саны жалпы арыздардың санынан 0,5 пайыз құрайтындығын көрсетті. Нотариустың әрекеттеріне келіп түскен шағымдардың ішінен 35 пайызы атқарушылық жазбаның күшін жою туралы арызбен нотариуска жүгінбегендіктен қайтарылды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР заңының 9-бабына сәйкес атқарушылық жазба атқарушылық құжат болып табылады. Атқарушылық жазба, егер заңнамада өзге мерзімдер белгіленбесе, ол жасалған күннен бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін. Атқарушылық жазбаны ұсыну үшін өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру ҚР Азаматтық процестік заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Гүлдана ШАРАПАТОВА,  
Сарыарқа аудандық сотының судьясы

### ЗАҢҒЕР КЕҢЕСІ

Бетті дайындаған Фаридә КАРИМОВА



Оқырмандар сауалдарына «Elorda Aqparat» ЖШС заңгері Әсет ҚАЙЫРХАН жауап береді.

## ҮШЖАҚТЫ КЕЛІСІМ КЕРЕК

– Біз банк арқылы тұрғын үй құрылысы компаниясынан пәтер тауып, банк құжаттарымызды мақұлдап, ипотекалық несие ресімдеуді бастадық. Енді сату-сатып алу шартын жасауымыз керек еді, бірақ құрылыс салушы компания сату-сатып алу шартын жасамаймыз, бірақ жылжымайтын мүлікті тапсыру келісімшартын жасаймыз дейді. Біз енді не істеу керектігін білмей отырмыз, мүлікті тапсыру келісімшарты деген не?

– ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес құрылыс салушылар мен тұрғын үй кооперативтерінен пәтер алғысы келетін азаматтар арасында заңның 53-бабының 4-тармағында тұрғын үй құрылысы кооперативіне қатысу туралы келісім жасалады. Келісімшартқа сәйкес, азаматтар келісімшарт жасалғаннан кейін үлестерді төлеу міндеттемесін алады, аяқталған үй пайдалануға беріл-

геннен кейін және акцияның толық бағасы ескеріліп (заңның 63-бабы), азаматтар пәтерге меншік құқығын алады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, сіз және құрылыс салушы арасында тұрғын үй құрылысы кооперативіне үлестік қатысу туралы келісім жасасу қажет, оған сәйкес үй пайдалануға берілгеннен кейін және үлестің толық мөлшері төленетін жағдайда пәтерге мен-

шік құқығы пайда болады. Сізге банкке мән-жайларды түсіндіріп, сәйкесінше, пәтер сатып алу-сату шартын емес, тұрғын үй кооперативіндегі үлестік қатысу шарты бойынша үлесті төлеу үшін ақша беруді көздейтін жаңа шарт бойынша қайта келісу керек. Опция ретінде сіз тұрғын үй-құрылыс кооперативі, банк және жеке тұлға арасында үшжақты келісім жасай аласыз.

Гүлназ ТҮГЕЛ, елорда тұрғыны

**Сәдуақас Ғылманидің туған қызы, әкесінің жалғыз шырақшысы Үкіжан анамыз тоғызыншы маусымда бұл өмірмен қоштасып, өзінің мәңгілік тұрағына аттанған екен. Осындай суық хабар алдық сол күні 01:51 сағатта Үкіжан анамыздың ұлы Самат ағайдан. Артынша, Үкіжан Ананың ерекше ықыласы түскен атақты ғалым, қадірменді әріптесіміз Әшірбек Мүмінов мырзадан, сонау Түркия елінен естірту-хабар да келіп жетті.**

Иә, өмірін «тағдырдың салғаныммен» қаймықпай күресуге арнаған, әке аманатын арқалаған адал перзент – «ҚЫЗҒҰМЫР» иесі Үкіжан анамыз 98-ге қараған жасында өмірден озды. Орны толмайтын қаза. Сәдуақас Ғылманидан қалған жалғыз «тәбәрік» еді анамыз. Қоғамдық санада «Әулие кісі» деген белдеге ие болған, парасаты биік, адами қасиеттерге бай біртуар тұлғадан айырылып қалғанымыз біздерге ауыр тиді.

Үкіжан анамыздың балаларына, өзіміз дастарқанынан дәм татқан ұлы Самат пен келіні Тұрсынға, туыс-жақындарына, анамызды қадір тұтқан, Ғылмани әкеміздің рухын құрметтеген барша замандастарымызға қайғырып көңіл айтамыз. Анамыз-

жастарға үлгі етіп ұсынудан ұтарымыз мол.

\*\*\*

...Бес жасында анасынан жетім қалған, екінші анасынан 1933 жылғы ашаршылықта айырылған қаршадай қыз үнемі әкесінің жанында болады, өмір бойы оның көзінен таса болмаған екен. Ақмолада Ғылмани отбасынан бес адам ашаршылық құрбаны болады. Үкіжанды ФЗО-ға алып кетпес үшін, қаршадайынан өзінен көп үлкен, көрші ауылдағы әкесінің досы Кәрім ақсақалдың ұлына тұрмысқа ұзатады. Сол кездегі жердің қыртысын ойып алып салатын кішкентай шым үйге, үлкен отбасының 15-ші адамы болып кіреді



## ӘКЕ АМАНАТЫН АРДАҚТАҒАН

дың иманы сәләмат болсын.

Үкіжан ана үлкен де мағыналы ғұмыр кешті. Ол ұлт руханиятының шырақшысы Ғылмани ғұламаның жоқтаушысы да, одан қалған бай мұраның көпшілікке белгісіз тұстарын қызғыштай қорғап, біздерге жинап-теріп тапсырған сақтаушысы да өзі болды. Елордадағы «Сәдуақас Ғылмани» мешітінің атын қойған да, оның ауласындағы әкесі Ғылмани салған мешітте мұрағат ашуға мұрындық болған да – Үкіжан анамыз. Әкесінен қалған құнды жәдігер – Ақмоладағы Сәдуақас Ғылмани салдырған жалғыз мешітті жоғалып кетуден аман сақтап қалудың жолын осылайша тапқан анамыздың парасатына, қайраткерлігіне, көрегендігіне бас иесің, қайран қаласың!

Қазақы түсініктегі «Қызғұмыр» атауының мағынасын Үкіжан анамыздың өміріне қарап түсінгендейсің... Ол – өзінің ғасырға созылған осынау өмірінің ішінде бір сәт тыным таппаған, үнемі арпалыс, күрес, алға ұмтылумен өткен қайсар мінезді қазақ қызы. Өмірінің соңына дейін өзінің әкесі - ұлт ұстазы, діни ағартушылық қызметпен белсенді араласқан, ұлт руханиятының белді кейіпкері, атеизм басымдық алып тұрған кезеңде Қазақстанның қазіргі қызметін атқарған, «Сәкен кәлпе» деген атақпен елге танымал болған Сәдуақас Ғылманидің (1890-1972) мұрасын насихаттаумен өтті. Біздің асыл анамызбен соңғы кездесуіміз, емен-жарқын әңгіме құрғанымызға да үш айдың шамасы ғана болған екен. Анамыздың өз аузынан естіген, ол кісінің отбасында болғандағы аңғарғандарымызбен, өзге де ойға түйгендерімізбен бөлісудің де танымдық һәм тағылымдық салмағы болар деген ойдамыз. Осынау сүйегі асыл жанның «қызғұмыр» тағдырымен танысу, оны түсіну, оны бүгінгі

жасөспірім қыз. Санасы сергек, зердесі мықты анамыздың әрбір айтқан сөзі - қазақтың қасіретті тарихынан сыр шертеді, ғажап! «Мен 1942 жылы 7 сәуірде тұрмысқа шықтым. Сонда әкем өзінің қызын сұрап келген досына мені қатты тапсырған еді, «өмір көп жылдақ балам еді, ендігі жерде өзіңнен сұрайын» деп аманат еткендей болды мені» деп көзіне жас алған еді 100 жасқа жетуге шақ қалған кейуана шешеміз соңғы кездесуімізде. Байқағанымыз, тұрмыс құрып кеткенде де қызы мен әкесінің ынтымағы үзілмеген, әкесі оны үнемі жіті назарында ұстаған, қамқорлығын аямаған. Үлкен толқу үстінде отырып, «қыз сырымен» бөліскен анамызбен бірге жылап, бірге күлдік те. Керемет шертартудың да куәсі болдық. «Құдды бір құрбысымен сырласқандай ішін бір босатып алды-ау анамыз» деп өзім де риза болдым сол жолы. Шіркін, қызғұмыр... «Әкемнің қамқорлығы болмағанда, мен мынадай күнге жетпес едім. Мен мектепте 7 кластық қана білім алып үлгірдім. Ал әкемнен арабша хат таныдым, құранды араб тіліндегі түпнұсқасынан оқып білдім, құртымдайымнан Мәулітті жатқа оқып келемін. Маған өмірді үйреткен әкем» деп еске алатын еді, жарықтық.

Айта кетейік, қазіргі ҚМДБ қолдауымен елімізде өтетін Мәуліт айында айтылатын «Мәуліт» – Сәкен кәлпенің арабшадан аударып жазған қазақша мәуліті. Мұхаммет пайғамбардың өмірбаянын жырлайтын «Мәуліт» дастаны ана тілімізде алғаш рет жазып шыққан – Сәдуақас Ғылмани. Қолжазбаны біздерге аман жеткізген, 1993 жылы алғаш рет оның толық нұсқасын табиғи дауыспен орындаған, мәулеттің қазақ тіліндегі түпнұсқасын Қазақстан Мұсылмандары діни

басқармасына табыс еткен біздің аяулы анамыз, әкесінің қызы – Үкіжан Сәдуақасқызы! Қолжазба 1949 жылы 6 желтоқсанда жазылған. Үкіжан анамыздың айтқанынан: «Мәуліт жырын алғаш болып арабшадан қазақ тіліне тәржімалаған белгілі дін қайраткері, менің әкем – Сәкен кәлпе. Кеңес дәуірінде қолжазбаны баспаға беріп, көпшілік оқырман қолына тапсыру мүмкін емес болатын. Мен оны алғаш рет 1993 жылы Алматыда М.Әуезов театры сахнасында жатқа оқыдым. Біржарым сағат жатқа оқыптың жалғыз өзім.



**Қазақы түсініктегі «Қызғұмыр» атауының мағынасын Үкіжан анамыздың өміріне қарап түсінгендейсің... Ол – өзінің ғасырға созылған осынау өмірінің ішінде бір сәт тыным таппаған, үнемі арпалыс, күрес, алға ұмтылумен өткен қайсар мінезді қазақ қызы. Өмірінің соңына дейін өзінің әкесі - ұлт ұстазы, діни ағартушылық қызметпен белсенді араласқан, ұлт руханиятының белді кейіпкері, атеизм басымдық алып тұрған кезеңде Қазақстанның қазіргі қызметін атқарған, «Сәкен кәлпе» деген атақпен елге танымал болған Сәдуақас Ғылманидің (1890-1972) мұрасын насихаттаумен өтті**

Онда семейлік жазушы Бейбіт Сапаралы, Тұңғышбай Жаманқұлов, т.б. болған. Менің сол даусым «Шалқар» радиосының мұрағатында сақтаулы болуы керек». Ғажап! Әкесінің аса құнды қолжазбасын сол қалпында 44 жыл бойы аман сақтап келіп, бүгінгі ұрпаққа табыс еткен керемет ерлік иесі де – Үкіжан анамыз!

Қазіргі өзіне қамқор болған анамыздың ұлы Самат Кәрімов осы Ақмолада туған. Ол ағамыз да өзінің атасы жайлы естеліктерге бай адам, «атам мені ерекше жақсы көрді, маған құранды атам өзі үйретті» деп еске алады Ғұламаның немересі. Үкіжан анамыздың келіні Тұрсын ханым да енесіне ерекше ықыласпен қарап, күтіп-баптап отырған қамқорлығына тәнті болдық. Ол аналарының мейіріміне бөленген, үлкеннің батасын алған, парасаты мен ақылы бір басына жетерлік аяулы жан екен. Өзімді осындай жылы сезімдерге бөлеген, тектінің тұяғы, зиялы да кең жүректі асыл жандарға алғысым шексіз! Үкіжан анамыздың арнайы шақыруымен биылғы ақпан айында ынтымағы жарасқан осынау отбасының дастарқанында болып, талай қызық әңгімелер тыңдап, рухани өсіп, қызғылықты тарих - қилы тағдырлардың куәгерлерімен бетпе-бет кездескендей әсерде болдым, теңдесі жоқ рухани азық арқалап қайттым сол жолы.

Анамыз қайтқан күні келіні Тұрсын мынадай сөздер жолдапты маған: «Қамажан апай, сізді анамыз ерекше жақсы көрді. Сізге батасын беріп еді ғой, сол бата қабыл болсын!» Әумин, асыл анамыздың берген батасы әркез жадымыда, бата-тілектер баршамызға жұғысты болсын!

**Қамажан ЖҰМАҚАСОВА, әлеуметтанушы**

ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

## НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ ДАҒҒЫЛЫ



**» Қара домбыра күмбірімен «Әлқиссаны» сөйлетіп, «Аққуды» гәккулеткен Нұрғисадай біртуар талантқа көше атауын беру – онды іс. Елорданың оң жақ жағалауындағы Астрахань тас жолына бастайтын Н.Тілендиев даңғылы күре жолдың бойында жатыр.**

**Райхан РАХМЕТОВА**

Аса көрнекті композитор, дирижер, домбырашы Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев атындағы даңғыл Баршын, Ұлытау, Қайнар, Сарыөзен, Көктал, Д. Бабағайұлы, Шұғыла, Атбасар, Ш.Бейсекова көшелерін қиып өтіп, Бөгенбай батыр даңғылында аяқталады. Ұзындығы – 15926,6 м. Сарыарқа ауданындағы республикалық маңыздағы тасжолға шығатын шеткі көшелердің бірі болғандықтан мұнда автокөлік ағыны, қозғалыс көп. Халықаралық бағдардағы үлкен айналма жолға барып тірелетін көше қаланың қақпасы ретінде рөл ойнағандықтан, оның инфрақұрылымы әлде де дами түссе нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар жуырда бұзылған автобазардың орнындағы қалдықтар да жылдам тазаланып, көшенің сәнін кемітпесе дейсің.

500-ден астам музыкалық төл туындылардың авторы Нұрғиса атамыз 1925 жылы Алматы облысының Іле ауданына қарасты Шилікемер ауылында дүниеге келген. 1949-50 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясында, ал 1950-52 жылдары Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлік факультетінде оқыған. 1952-61 жылдары Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрының дирижері, 1960-64 жылдары Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестерінің бас дирижері болып қызмет атқарған. «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық ансамблінің көркемдік жағын басқарған. «Ата толғауы», «Махамбет», «Ақсақ құлан», «Аққу» атты увертюралардың авторы. Ол 50-ден астам драмалық спектакльдерге, 19 көркем фильмге музыка жазған.

Оның музыкасы баланың да, қарттың да жүрегіне жол тапты. Бар қазақтың рухани жан серігіне айналды. Тума талант иесінің өнерге қосқан еңбегі тірісінде жоғары бағаланды. Қазақстан композиторларының ішінде тұңғыш рет Халық қаһарманы атағын алды.



**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы 11.06.2020 №510-1100

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабына сәйкес, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы №1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы 5.1.3-тармағының 2.3-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы №1064 қаулысымен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының бас жоспарына сәйкес проблемалық тұрғын үй нысандардың құрылысын аяқтау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Елорда құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – Серіктестік) қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркінгі бар көп-пәтерлі тұрғын кешенін жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы мен Шарль де Голль көшесінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 6,3796 га жер учаскесі 2020 жылғы 16 қыркүйегінен бастап 2021 жылғы 16 қыркүйегіне дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да әрекеттерді орындасын.

3. Жер учаскелерін сатып алу бойынша қаржыландыру серіктестікке жүктелсін.  
 4. Осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.  
 5. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап бір ай ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.  
 6. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.  
 7. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Нұркенов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А. Қайсағалиев

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Ж. Шәукентаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы А. Есенбаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Н. Кенжебаев

«Елорда құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Т. Малыбаев

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «11» 06 №510-1100 қаулысына қосымша

**Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі**

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (га)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (га)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	21-318-044-483	Родченков Роман Иванович	0,00216	0,0001	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3623 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
2	21-318-044-616	Кизинков Валерий Валентинович	0,00239	0,00239	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3781 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
3	21-318-044-292	Кузнецова Любовь Семеновна	0,00192	0,0008	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №78 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
4	21-318-044-429	Течкина Лидия Петровна	0,0031	0,0031	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3556 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
5	21-318-044-177	"ИНКАДА" ЖШС	0,00223	0,00223	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3704 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
6	21-318-045-417	"ИНКАДА" ЖШС	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №324 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
7	21-318-045-416	"ИНКАДА" ЖШС	0,00189	0,00189	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №323 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
8	21-318-045-415	Трутенко Виктор Степанович	0,0019	0,0019	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №322 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
9	21-318-045-327	"ИНКАДА" ЖШС	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №337 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
10	21-318-045-065	Пономарев Николай Филиппович	0,0019	0,0019	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №321 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
11	21-318-044-284	Риттер Екатерина Андреевна	0,00326	0,00326	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №38 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
12	21-318-045-271	"ИНКАДА" ЖШС	0,00181	0,00181	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №556 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
13	21-318-044-283	Никитина Татьяна Павловна	0,00246	0,00246	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №66 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
14	21-318-045-431	"ИНКАДА" ЖШС	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №346 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
15	21-318-044-026	"Сауда үйі "Каз Урал"	0,00283	0,00283	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3543 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
16	21-318-044-349	Хихлушко Владимир Павлович	0,00197	0,00197	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №157 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
17	21-318-045-291	Сальников Вячеслав Валерьянович	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №347 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
18	21-318-044-628	Герасименко Татьяна Викторовна	0,00217	0,00217	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3797 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
19	21-318-044-683	Вишняков Николай Андреевич	0,00248	0,00248	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3903 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
20	21-318-044-630	Гойко Анатолий Брониславович	0,00224	0,00224	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3800 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
21	21-318-045-109	"ИНКАДА" ЖШС	0,00183	0,00183	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №736 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
22	21-318-045-543	Гедгаудас-трошкас Якубас-марионас Витоутто	0,00186	0,00186	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №500 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
23	21-318-045-709	Скрицкий Николай Петрович	0,00216	0,00186	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №734 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
24	21-318-046-227	"ИНКАДА" ЖШС	0,0018	0,0001	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №760 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
25	21-318-045-708	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,0014	0,0014	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №733 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
26	21-318-044-134	Беззуб Наилә Саидовна	0,0025	0,0025	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3537 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
27	21-318-044-352	Черкасов Валерий Дмитриевич	0,00204	0,00204	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №164 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
28	21-318-044-501	Попова Елена Эвальдовна	0,0024	0,0024	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3647 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
29	21-318-044-020	Кучерявенко Михаил Викторович, Кучерявенко Елена Васильевна	0,00261	0,00261	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3536 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
30	21-318-046-231	Александрович Елена Ивановна	0,00189	0,00018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №765 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
31	21-318-045-402	Казакова Светлана Александровна	0,00189	0,00189	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №301 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
32	21-318-044-194	Бисеков Алькен Толеуевич	0,0024	0,0024	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3533 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
33	21-318-045-595	Метлина Елена Александровна, Метлин Никита Игоревич	0,00198	0,00198	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №571 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
34	21-318-044-277	Дедкова Татьяна Евгеньевна, Дедков Вячеслав Евгеньевич, Дедкова Валентина Семеновна	0,0019	0,0019	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №54 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
35	21-318-045-115	Мукашева Мария Амиргазыевна	0,00177	0,00177	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №574 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
36	21-318-044-412	Ивакин Андрей Иванович	0,00249	0,00249	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Рассвет" гараж кооперативі, №3529 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
37	21-318-045-397	Ветошкин Василий Петрович	0,00186	0,00186	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №295 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
38	21-318-045-289	Нестеренко Вера Александровна	0,0017	0,0017	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №581 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
39	21-318-044-017	Артешук Сергей Васильевич	0,00194	0,00194	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №176 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
40	21-318-045-064	Дмитриенко Андрей Витальевич	0,0020	0,0020	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №583 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
41	21-318-045-391	Новоселецкая Юлия Анатольевна	0,00189	0,00189	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №289 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
42	21-318-045-389	Искаков Мэлэ Абильдинович	0,00185	0,00185	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №286 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
43	21-318-045-071	Буденникова Галина Максимовна	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №284 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
44	21-318-044-270	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00235	0,00235	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №41 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
45	21-318-045-608	Жангужинова Гульжазира Бельгибаевна	0,00183	0,00183	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №592 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
46	21-318-045-687	Кропочева Надежда Александровна	0,00208	0,00208	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №705 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
47	21-318-045-066	Неумыванная Нина Яковлевна	0,0020	0,0020	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №278 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
48	21-318-045-457	Быкова Нина Михайловна	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №382 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
49	21-318-045-613	Александрова Елена Геннадиевна	0,00179	0,00179	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №599 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
50	21-318-045-520	Шевченко Александра Николаевна	0,0022	0,0022	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №466 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
51	21-318-045-002	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №601 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
52	21-318-046-334	Шеховцев Валерий Дмитриевич	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №896 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
53	21-318-045-097	Жапаров Нариман Габиденович	0,0020	0,0020	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №693 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
54	21-318-045-377	Волкова Любовь Ивановна, Фомина Наталья Александровна, Волков Дмитрий Александрович	0,00186	0,00186	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №269 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
55	21-318-045-621	Неделин Геннадий Геннадиевич	0,00183	0,00183	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №610 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
56	21-318-046-642	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00203	0,00203	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1318 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
57	21-318-045-677	Мамедов Рамис Исмаилович, Мамедова Алия Исмаиловна, Мамедова Гульназ Исмаиловна	0,0018	0,0018	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №686 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
58	21-318-046-707	Климакова Анна Ивановна	0,00188	0,00188	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1416 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
59	21-318-046-401	Шарипов Руфат Файзуллович	0,0022	0,0022	Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1000 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with 14 columns: ID, Address, Name, Area, District, Ownership Type, Status, and Remarks. Contains entries 60-149.

150.	21-318-046-225	Финогенова Наталья Васильевна	0,0018	0,0001	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №758 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
151.	21-318-044-280	Волкова Юлия Викторовна	0,0024	0,0024	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №62 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
152.	21-318-044-534	Дякун Сергей Демьянович	0,0022	0,0022	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3688 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
153.	21-318-045-542	Красногоровец Татьяна Васильевна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №499 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
154.	21-318-045-590	Калинина Вера Павловна	0,00213	0,00213	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №565 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
155.	21-318-044-192	Бондарчук Наталья Иосифовна	0,0024	0,0024	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3646 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
156.	21-318-044-119	Гафнер Светлана Ивановна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №58 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
157.	21-318-045-285	Сидорова Светлана Владимировна	0,00177	0,00177	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №496 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
158.	21-318-045-593	Большакова Ирина Николаевна	0,00182	0,00182	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №568 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
159.	21-318-044-173	Сон Иван Иванович	0,00179	0,00179	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №57 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
160.	21-318-044-354	Широков Геннадий Владимирович	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №166 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
161.	21-318-045-401	Исеснова Дамежан Балгабаевна	0,0019	0,0019	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №300 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
162.	21-318-044-276	Гатаулина Вера Владимировна	0,00223	0,00223	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №53 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
163.	21-318-045-441	Нечипоренко Нина Никитична	0,00184	0,00184	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №360 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
164.	21-318-044-413	Антонова Светлана Владимировна	0,0023	0,0023	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3530 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
165.	21-318-045-444	Шапарь Василий Владимирович, Колесов Валерий Анатольевич, Колесова Ольга Александровна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №364 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
166.	21-318-044-397	Роженко Татьяна Ивановна	0,00196	0,00196	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №49 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
167.	21-318-045-534	Честных Наталья Александровна	0,00205	0,00205	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №486 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
168.	21-318-045-601	Дементьева Евгения Александровна	0,00198	0,00198	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №578 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
169.	21-318-045-447	Бровкина Галина Петровна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №368 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
170.	21-318-045-695	Науменко Галина Анатольевна	0,00186	0,00186	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №716 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
171.	21-318-045-602	Журавлев Игорь Анатольевич	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №582 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
172.	21-318-044-408	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,0024	0,0024	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №3524 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
173.	21-318-045-693	Буряков Сергей Алексеевич	0,0017	0,0017	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №714 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
174.	21-318-045-388	Марутин Михаил Михайлович	0,00183	0,00183	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №283 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
175.	21-318-045-386	Батыргожина Мавруся Жумашевна	0,00158	0,00158	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №281 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
176.	21-318-045-525	Улиянчик Валентин Дмитриевич	0,00218	0,00218	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №474 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
177.	21-318-045-523	Осебрбаева Гульмира Аманжоловна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №472 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
178.	21-318-045-454	Мельник Дарья Владимировна	0,00207	0,00207	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №378 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
179.	21-318-045-685	Омарбекова Сажида	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №700 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
180.	21-318-045-085	Еберзин Николай Семенович	0,0023	0,0023	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №697 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
181.	21-318-046-333	Утенышев Николай Федорович	0,00168	0,00168	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №895 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
182.	21-318-046-103	Игебаев Талгат Сабыржанович	0,00205	0,00205	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №799 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
183.	21-318-044-216	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,0019	0,0019	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №192 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
184.	21-318-045-615	Калугина Светлана Константиновна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №603 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
185.	21-318-046-444	Густ Николай Александрович	0,00239	0,00239	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1054 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
186.	21-318-046-485	Шорин Алексей Викторович	0,00182	0,00182	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1113 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
187.	21-318-046-397	Байдосов Елтай Джаппарович	0,00178	0,00178	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №995 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
188.	21-318-045-516	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00181	0,00181	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №462 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
189.	21-318-045-463	Тян Юрий Викентьевич	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №388 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
190.	21-318-045-617	Ширина Ирина Павловна	0,00185	0,00185	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №606 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
191.	21-318-045-142	Радюк Валентина Николаевна, Радюк Николай Григорьевич	0,00205	0,00205	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №392 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
192.	21-318-046-266	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00179	0,00179	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №805 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
193.	21-318-045-468	Бержицкий Валерий Емельянович	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №394 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
194.	21-318-046-643	Минайчева Валентина Ивановна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1319 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
195.	21-318-045-629	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №612 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
196.	21-318-046-268	Карабчевская Евдокия Степановна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №807 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
197.	21-318-045-510	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00192	0,00192	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №454 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
198.	21-318-048-217	Мурзахметов Бакиртжан Шортаевич	0,00232	0,00232	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №2517 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
199.	21-318-046-040	Акименко Александр Георгиевич	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №808 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
200.	21-318-045-509	Клочья Наталья Петровна	0,00194	0,00194	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №453 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
201.	21-318-046-492	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1120 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
202.	21-318-046-036	Израелян Светлана Федоровна	0,00193	0,00193	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1052 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
203.	21-318-045-508	Локшин Федор Алексеевич, Локшина Наталья Алексеевна, Курунеч Ольга Алексеевна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №452 гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
204.	21-318-046-133	Этина Екатерина Петровна	0,0021	0,0021	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1322 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
205.	21-318-046-326	Абдуллаев Махмуд Тофикович	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №884 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
206.	21-318-045-072	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00183	0,00183	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №399 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
207.	21-318-046-703	Малюгин Николай Кириллович	0,00184	0,00184	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1408 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
208.	21-318-045-341	Зимодра Ольга Владимировна	0,0018	0,0018	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №621 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
209.	21-318-045-475	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00213	0,00213	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №403 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
210.	21-318-046-274	Ашығалиев Марс Батырхаирович	0,00214	0,00214	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №817 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
211.	21-318-046-319	Худенко Сергей Сергеевич	0,00198	0,00198	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №876 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
212.	21-318-046-275	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00179	0,00179	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №818 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
213.	21-318-045-476	"Жас отау-2007" ТҮҚК	0,00183	0,00183	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №405 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
214.	21-318-046-124	Шлейгер Марина Владимировна	0,00195	0,00195	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1130 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
215.	21-318-046-441	Ахметжанова Рашида Газизовна	0,00192	0,00192	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №1049 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
216.	21-318-045-477	Рухенко Владимир Тихонович	0,00236	0,00236	Нур-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, "Южный" ЖГИТК, №406 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
